

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУІШ ҚҰРАЛДАРЫ

Пәннің атауы: Микробиология және вирусология

Пән коды: MV 1205

ББ атауы және шифры: 6B10106 «Фармация»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат (4 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 1/1

Шымкент-2024 ж.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 2 беті

№1 Аралық бақылауға арналған сұрақтар бағдарламасы

1. Саңырауқұлақтардың биологиялық ерекшеліктері.
2. Микоздардың зертханалық диагностикасы.
3. Қарапайымдылардың биологиялық ерекшеліктері.
4. Протозойлы инфекцияның зертханалық диагностикасы.
5. Вирустардың зертханалық диагностикасы.
6. Жарықтық микроскоптың құрылымы.
7. Иммерсионды микроскоптау.
8. Күңгірт жазықты микроскоптау.
9. Фазалы-контрастты микроскоптау.
10. Люминисцентті микроскоптау.
11. Электронды микроскоптау.
12. Бактериялардың морфологиясы.
13. Фиксирленген жұғынды препараттарын дайындау.
14. Қарапайым бояу әдістері.
15. Таза дақылды бөліп алу этаптары.
16. Аэробты бактериялардан таза дақылды бөліп алу әдістері.
17. Анаэробты бактериялардан таза дақылды бөліп алу әдістері.
18. Биотехнологияның маңызы.
19. Биотехнологияның мақсаты мен міндеті.
20. Биотехнологияның дамуы туралы қысқаша мағлұмат.
21. Биотехнологияда қолданылатын үрдістер.
22. Дисктер көмегімен бактериялардың антибиотиктерге сезімталдылығын анықтау әдістері.
23. Сұйық ортада сериялық сұйылту әдісі.
24. Қатты ортада сериялық сұйылту әдісі.
25. В-лактомазды тест.
26. Анаэробтардың сезімталдылығын анықтау.
27. Дәріхана мекемелерінің санитарлы-бактериологиялық әдістерін бақылау.
28. Фитопатогенді микробтар мен бактериаларға, саңырауқұлақтарға, вирустарға жалпы сипаттама.
29. Дәрілік шикізаттардың микроорганизмдермен зақымдалу белгілері.
30. Дәрілік және басқа өсімдіктердің фитопатогенді микроорганизмдермен зақымдалу себептері және оларға қарсы күресу шаралары.
31. Дәрілік шикізаттардың және дәрілік заттардың ластану мүмкіндігін ескерту.
32. Дәрілік шикізаттардағы микроорганизмдерді сандық сапалық әдіспен анықтау.
33. Микробтарға қарсы әсер ету қасиеті жоқ дәрілік шикізаттардың микробтармен зақымдалғанын анықтау.
34. Фльтрация әдісімен дәрілік шикізаттардың микроорганизмдермен зақымдалғанын анықтау.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 3 беті

35. Өртүрлі дайын дәрілердегі микроорганизмдердің мөлшерлі санын шектейтін нормативті құжаттар.

Құрастырушы:  аға оқытушы Абдраманова А.А.

Кафедра меңгерушісі:  м.ғ.д., проф. Сейтханова Б.Т.

Хаттама № 10а Күні « 5 » 06 202 4 ж.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 4 беті

№2 Аралық бақылауға арналған сұрақтар бағдарламасы

1. Стафилококты инфекцияның зертханалық диагностикасы.
2. Стрептококты инфекцияның зертханалық диагностикасы.
3. Менингококты инфекцияның зертханалық диагностикасы.
4. Гонореяның зертханалық диагностикасы.
5. Эшерихиоздардың зертханалық диагностикасы.
6. Дизентерияның зертханалық диагностикасы.
7. Іш сүзегінің зертханалық диагностикасы.
8. Тырысқақтың зертханалық диагностикасы
9. Сіреспенің зертханалық диагностикасы.
10. Газды гангренының зертханалық диагностикасы.
11. Ботулизмнің зертханалық диагностикасы.
12. Дифтерияның зертханалық диагностикасы.
13. Көк жөтелдің зертханалық диагностикасы.
14. Туберкулездің зертханалық диагностикасы
15. Обаның зертханалық диагностикасы
16. Бруцеллездің зертханалық диагностикасы.
17. Туляремияның зертханалық диагностикасы.
18. Сібір күйдіргісінің зертханалық диагностикасы
19. Мерездің зертханалық диагностикасы.
20. Қайталанбалы бөртпенің зертханалық диагностикасы.
21. Лептоспироздың зертханалық диагностикасы.
22. Бөртпе сүзегінің зертханалық диагностикасы.
23. Ку-қызбасының зертханалық диагностикасы.
24. Хламидияның зертханалық диагностикасы.
25. Саңырауқұлақтардың жүйеленуі.
26. Саңырауқұлақтардың морфологиялық ерекшеліктері.
27. Микоздардың зақымдалуының орналасуы бойынша бөлінуі.
28. Дәрілік шикізаттың лабораториялық диагностикасы және микологиялық зерттеулер.
29. Микоздарда микологиялық зерттеулерде қолданылатын алдын алу және емдік препараттар.
30. Токсоплазмоздың биологиялық ерекшеліктері мен зертханалық диагностикасы.
31. Малярияның биологиялық ерекшеліктері мен зертханалық диагностикасы.
32. Лейшманиозаның биологиялық ерекшеліктері мен зертханалық диагностикасы.
33. Лямблиоздың биологиялық ерекшеліктері мен зертханалық диагностикасы.
34. Балантидиозаның биологиялық ерекшеліктері мен зертханалық диагностикасы.
35. Грипп және парагрипп вирустарының вирусологиялық диагностикасы.
36. Грипп және парагрипп вирустарының серологиялық диагностикасы.
37. Грипптің жедел диагностикалау әдіс.
38. Полиомиелиттің зертханалық диагностикасы.
39. Гепатит А-ның зертханалық диагностикасы.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 5 беті

40. Гепатит В-ның зертханалық диагностикасы.
41. Гепатит С-ның зертханалық диагностикасы.
42. Гепатит Е-ның зертханалық диагностикасы.
43. Гепатит Д-ның зертханалық диагностикасы.
44. АИВ инфекцияның вирусологиялық диагностикасы.
45. АИВ инфекцияның серологиялық диагностикасы.

Құрастырушы:  аға оқытушы Абдраманова А.А.

Кафедра меңгерушісі:  м.ғ.д., проф. Сейтханова Б.Т.

Хаттама № 10а Күні « 5 » 06 202 4 ж.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуін құралдары		56 беттің 6 беті

Тесттік тапсырмаларының техникалық спецификациясы

Пән: Микробиология және вирусология

БББ: 6В10106 «Фармация» (жеделдетілген) 1 курс

№	Негізгі бөлімдер	Сағат саны	Тестте р саны	% көрсеткіші	Когнитивті ойлауы		
					Есте сақтауы 30%	Түсінуі 50%	Қолданылуы 20%
1	Жалпы микробиология. Микроорганизмдердің классификациясы және жіктелуі. Бактериялардың морфологиясы. Қарапайым және күрделі Грамм бойынша бояу әдістері.	10	40	9	14	18	8
2	Микроорганизмдер физиологиясы. Бактериологиялық әдістердің негіздері. Микроорганизмдердің таза дақылын бөліп алу әдістері (аэробты және анаэробты), бактериялардың дақылдық қасиеттері.	10	40	9	14	18	8
3	Микроорганизмдер генетикасының негіздері. Генетикалық рекомбинациялар: трансформация, конъюгация, трансдукция.	9	38	7	10	20	8
4	Химиотерапия ілімі туралы негіздер. Антибиотиктердің жіктелуі. Микроорганизмдердің антибиотиктерге төзімділік дамуының механизмі. Дезинфекция, асептика, антисептика, стерилизациялау ілімі туралы негіздері.	7	30	6	6	18	6
5	Өсімдіктерде ауру туғызатын патогенді және шартты-патогенді микроорганизмдер. Дәрілік өсімдік шикізаттардың микробтық бұзылуы. Дайын дәрілік заттардың микробтық ластануы.	5	13	3	4	7	2

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-	
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 7 беті	

6	Микроорганизмдер экологиясы. Судың, топырақтың, ауаның, өсімдік шикізатының, дәріханалардың микрофлорасы.	6	22	4	9	9	4
7	Инфекция. Инфекция түрлері және олардың сипаттамасы. Инфекциялық аурудың кезеңдері. Бактериялардың патогенділігі, вируленттілігі, улылығы. Иммуитет. Иммуитет түрлері. Иммундық жүйе клеткалары мен мүшелері. Аллергия түрлері.	10	40	9	14	18	8
8	Жеке микробиология. Іріңді қабыну инфекция қоздырғыштары.	10	40	9	14	18	8
9	Токсинемиялық инфекция қоздырғыштары.	8	34	7	9	18	7
10	Патогенді микобактериялар.	7	30	6	8	17	5
11	Зоонозды инфекция қоздырғыштары.	7	30	6	8	17	5
12	Трансмиссивті инфекция қоздырғыштары	7	30	6	8	17	5
13	Өткір респираторлы вирустық инфекция қоздырғыштары. Ортомиксовирусты, парамиксовирусты және коронавирусты инфекция қоздырғыштары.	10	40	9	12	18	10
14	Энтеровирустық инфекция қоздырғыштары.	5	15	3	4	7	4
15	Онкогенді вирустар және адамның иммунды тапшылық вирусы.	9	38	7	10	20	8
Барлығы		120	480	100%	144	240	96

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы Бақылау өлшеуіш құралдары		50-11- 56 беттің 8 беті

1. Микроорганизмдердің алғашқы ашылуы ... атымен байланысты.

- @А.Левенгуктің
- @Д.Ивановскийдің
- @Л.Пастердің
- @И.Мечниковтың
- @Р.Кохтың

2. Прокариотты жасушаларға ... жатады.

- @бактериялар
- @вирустар
- @саңырауқұлақтар
- @өсімдіктер жасушасы
- @жануарлар жасушасы

3.Сіз микробиологиялық оқу зертханасында байқаусызда микроб дақылы бар шыны түтікті сындырып қойдыңыз және оның ішіндегісі столға, қолыңызға, киіміңізге төгіліп қалды, сіздің іс әрекеттеріңіз:

- @ Бұл туралы жедел түрде оқытушы мен лаборантка хабарлау керек
- @ Ылғалды сүрткішті алып сүрту керек
- @ Бұл жағдайға назар аудармау керек
- @ Жедел түрде ҚДС хабарлау керек
- @ Жедел қызметтерге хабарлау керек

4. Микроскоптың иммерсионды жүйесінде ... препараты зерттелінеді.

- @фиксирленген боялған жағынды
- @жаншылған тамшы
- @фиксирленбеген жағынды
- @ілінген тамшы
- @фиксирленген жағынды

5. Сіз бактериологиялық зертханада жұмысыңызды бітіріп, стол үстіндегі ілмекті отпен заласыздандырып, штативке қойдыңыз, спирт шамының қақпағын жауып, қалпақ, халатыңызды шешіп, жұмыс аяқ киіміңізді ауыстырып зертханадан шықтыңыз, сіздің жіберген жеке гигиеналық және санитарлы-эпидемиологиялық қателігіңіз.

- @ Зертхананың жұмыс бөлмелерінде киім ауыстыруға болмайды
- @ Ілмекті отпен заласыздардыруға болмайды.
- @ Заласыздандырылған ілмекті штативке қоюға болмайды
- @ Спирт шамының қақпағын жабуға болмайды
- @ Барлығы дұрыс жасалды, қателіктер болған жоқ

6. Иммерсиондық объективімен көру мүмкіндігі бар биологиялық микроскоптың ең төменгі шегі ретінде ... болып келеді.

- @0,2 мкм
- @200 нм
- @0,1 нм
- @100 нм
- @10 нм

7. Булы қысыммен заласыздандыру үшін ... колданылады.

- @автоклав
- @Пастер пеші
- @Кох аппараты
- @су моншасы
- @центрифуга

8. Ауруханаға науқас түсті, болжау диагнозының негізінде, микробиологиялық талдау жүргізу қажет. Науқастан зерттелетін материалды алу ережесін көрсетіңіз.

- @ Антибиотик пен ХТП қабылдағанға дейін
- @ Антибиотик пен ХТП қабылдағаннан кейін
- @ Ас ішкенге дейін
- @ Физикалық жүктемеден кейін
- @ Физикалық жүктемеге дейін

9. Балабақшаның бір тобында скарлатина ошағы тіркелді. Жасалатын зерттеуді атаңыз.

- @Бактериологиялық зерттеу
- @Биохимиялық зерттеулер
- @Биологиялық зерттеулер
- @Серологиялық зерттеу
- @Вирологиялық зерттеу

10. Пастер пешінде ... стерильдейді.

- @шыны ыдыстарды
- @резинкалық бұйымдарды
- @физиологиялық ерітінділерді
- @коректік орталарды
- @синтетикалық бұйымдарды

11. Сіз науқастан алынған зерттеу материалынан жағынды дайындап, боядыңыз және микроскоптадыңыз. Микробиологиялық зерттеу әдісін анықтаңыз.

- @Микроскопиялық
- @Биологиялық
- @Серологиялық
- @Вирусологиялық
- @Бактериологиялық

12. Бактерия ультрақұрылымын зерттеу үшін ... микроскоп қолданылады.

- @электронды

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 9 беті

@күнгірт-жазықтық

@фазалы-контрасты

@люминицентті

@иммерсионды

13. Сіз микроскоптау үшін жағынды дайындап, тек бір анилинді бояуды пайдаландыңыз. Пайдаланған бояу әдісін тандаңыз.

@ Қарапайым

@ Күрделі

@ Аралас

@ Толық емес

@ Толық

14. Вирустардың ашылуы ... атымен байланысты.

@Д.Ивановскийдің

@Л.Пастердің

@И.Мечниковтың

@Р.Кохтың

@А.Левенгуктың

15. Микробиологиялық зерттеулердің нәтижелері көп жағдайда зерттеуге арналған материалды дұрыс тандауға, оны алудың барлық ережелерін сақтауға және оны зертханаға жіберуге байланысты. Материалды таңдау ... байқалады, себебі инфекциялық процестің осы сатысында ағзада патогенді болжамды локализациялау және қоршаған ортаға шығару жолдарымен сипатталады.

@ аурудың клиникалық көрінісімен

@ пациенттың жағдайымен

@ пациенттың клиникаға түсу уақытымен

@ анамнезімен

@ пациенттың шағымымен

16. Зертханада, сезімтал зертханалық жануарлардың ағзасында сіз вирустарды, риккетсияларды және хламидияларды дақылдадыңыз. Микробиологиялық зерттеу әдісін анықтаңыз.

@Микроскопиялық

@Биологиялық

@Серологиялық

@Вирусологиялық

@Бактериологиялық

17. Бактериолог зерттелетін материалдан жағынды дайындады, оны бояп және микроскоп астында көрді. Бактериолог өзіне алған акпаратты анықтаңыз.

@Морфологиясын және тинкториалдық қасиетін анықтау

@Дақылдық және биохимиялық қасиетін анықтау

@Вируленттік және иммуногендік қасиетін анықтау

@Антигендік және иммуногендік қасиетін анықтау

@Токсигендік және дақылдық қасиетін анықтау

18. Микроорганизмдердің биноминальды номенклатурасы ... жіктелу категориясына жатады.

@туыстас пен түр

@бөлім мен класс

@класс пен қатар

@қатар мен тұқымдас

@тұқымдас пен туыс

19. Плоскирев коректік ортасына себу кезінде ішек инфекциясына күдікті науқастың нәжісінен көптеген түссіз колониялар және жалғыз қызғылт колониялар алынды. Осы ортада осындай колониялар тудыратын бактерияларды көрсетіңіз.

@Escherichia coli

@Salmonella

@Shigella

@Campylobacter

@Yersinia

20. Материал пациенттің ағзасының қалыпты микрофлорасы мен қоршаған ортаның микроорганизмдерімен ластануын болдырмау үшін асептикалық ережелерді сақтай отырып жиналады. Стерильді құралдарды және тығындымен жабылатын стерильді ыдыстар пайдаланылады. Материалды алғаннан кейін зертханаға жеткізу мерзімін көрсетіңіз.

@ Максимальды қысқа мерзімде

@ Бірнеше сағаттан кейін

@ Бірнеше күннен кейін

@ Жұмыс уақытының соңында

@ Мерзімін пациент шешеді

21. Преператты дайындау үшін майсыздандырылған заттық шыныға натрий хлоридінің изотоникалық ерітіндісінің 1 тамшысын тамызады, оның ішіне зерттелетін материалды ілмекпен енгізеді және біркелкі етіп жағады. Жұғындыны ауада кептіреді, одан кейін жұғынды бар заттық шыныны 3

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 10 беті

рет жалын үстімен жүргізеді. Жұғынды дайындау кезеңін анықтаңыз.

@Фиксацияланған жұғындыны дайындау

@Нативтік жұғындыны дайындау

@«Жаншылған тамшы» жұғындысын дайындау

@«Ілінген тамшы» жұғындысын дайындау

@Жұғындыны бояу

22. Мұғалім студенттерге дайын препараттағы бактериялардың морфологиясын оқуға тапсырма берді. Тапсырманы орындауда ол х40 ұлғайтқыш объективті қолданды. Бірақ дайын препараттағы микроорганизмдерді нақты көре алмады. Студентке бактериялардың морфологиясын көруге мүмкіндік бермеген себептерді көрсетіңіз.

@Бекітілген препараттағы бактерияларды анықтау үшін х90 немесе х100 ұлғайтқыш объектив қолданылады.

@Бекітілген препараттағы бактерияларды анықтау үшін х10 немесе х100 ұлғайтқыш объектив қолданылады.

@Бекітілген препараттағы бактерияларды анықтау үшін х90 немесе х10 ұлғайтқыш объектив қолданылады.

@Бекітілген препараттағы бактерияларды анықтау үшін х40 немесе х100 ұлғайтқыш объектив қолданылады.

@Бекітілген препараттағы бактерияларды анықтау үшін х8 немесе х10 ұлғайтқыш объектив қолданылады.

23. Бокс ... жабдықталуы керек.

@ термостатпен

@ су моншасымен

@ автоклавпен

@ дистиллятормен

@ құрғатқыш шкафпен

24. Алғаш микробиологияның фундаментальды ғылым ретінде негізін қалаушы ... болып табылады.

@ Л. Пастер

@ Д. Ивановский

@ И. Мечников

@ Р.Кох

@ А.Левенгук

25. Асептика және антисептика ғылымының негін қалаушы ... болып табылады.

@ Л. Пастер

@ Д. Ивановский

@ И. Мечников

@ Р.Кох

@ А.Левенгук

26. Рапорт коректік ортасына дақылды себу кезінде коректік ортаның қызаруы байқалады. Зерттелетін дақылды егу колонкаға және ортаның бетіне инъекция арқылы жүзеге асырылды. Осы ортада осындай өзгерістер тудыратын бактерияларды көрсетіңіз.

@іш сүзектік сальмонелла

@хеликобактерлар

@кампилобактерлар

@эшерихиялар

@энтеробактериялар

27. Микроорганизмдердің дақылдары, коректік орталар, қан, вакциналар және биопрепараттар ... сақталады.

@ тоназытқышта

@ Кох аппаратында

@бөлме температурасында

@ термостатта

@ Пастер пешінде

28. Бактериялардың негізгі пішініне ... жатады.

@ шар тәрізді, таяқша тәрізді, иректелген

@ шар тәрізді, конус тәрізді, иректелген

@ оқ тәрізді, жіп тәрізді, куб тәрізді

@ таяқша тәрізді, иректелген, куб тәрізді

@ оқ тәрізді, жіп тәрізді, таяқша тәрізді

29. Аэробты жағдайда Лоуенштейн-Йенсен коректік ортасында 3-4 апта өсіруден кейін кілегей түсті R-тәрізді колониялар алынды. Осы ортада осындай колониялар түзетін бактерияларды атаңыз.

@Mycobacterium tuberculosis

@Mycobacterium leprae

@Streptococcus pneumoniae

@Corynebacterium diphtheriae

@Bordetella pertussis

30. Микробтық жасушаның бояу қабылдамайтын құрылымы ... болып табылады.

@ капсула

@ жасушалық қабырға

@ спора

@ мембрана

@ митохондрия

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 11 беті

31. Зерттелетін материал элективті тығыз және сұйық орталарға егілді. Бір тәуліктен кейін тығыз коректік ортада көлемі орташа сарғыш дөңес, жиектері тегіс, беті жылтыр колониялар айқындалды. Сорпасы бар пробиркада біркелкі тұнба пайда болды. Граммен боялған жағындыларда колониялары көк-күлгін түске боялған шар тәрізді бактериялардың шағын (2-3 бактериядан) топтары табылды. Бөлінген қоздырғыш ... жатады.

@стафилококктарға

@стрептококктарға

@пневмококктарға

@гонококктарға

@менингококктарға

32. Бактериялық жасушаның құрылымдық компоненті ... болып табылады.

@ нуклеоид

@ лизосома

@ митохондрия

@ ядро ядрошығымен

@ эндоплазмалық тор

33. Грам оң бактериялар ... түске боялады.

@ көк

@ жасыл

@ қоңыр

@ сары

@ қызыл

34. Вилсон-Блэр ортасына себілгенде көптеген қара колониялар алынды. Осы ортада осындай колониялар беретін бактерияларды атаңыз.

@C.perfringens

@C.botulinum

@C.difficile

@C.tetani

@C.novy

35. Прокариоттарда тұқымқуалаушылық ақпаратты ... тасымалдайды.

@ нуклеоид

@ мезосома

@ ядро

@ ядрошық

@ митохондрия

36. Екі шетінде талшықтары бар микроб жасушасы ... деп аталады.

@ амфитрих

@ перитрих

@ лофотрих

@ монотрих

@ L-форма

37. Китта-Тароцци ортасындағы дақылдың өсуімен ортаның диффузды лайлануы және газ көпіршіктері байқалады. Осы ортада осындай колониялар беретін бактерияларды атаңыз.

@C.perfringens

@C.botulinum

@C.difficile

@C.tetani

@C.novy

38. Бактериялық жасуша үшін капсула ... қызметін атқарады.

@ ішкі орта факторларынан қорғау

@ көбею

@ сыртқы орта факторларынан қорғау

@ зат алмасу үшін

@ пішінін сақтау үшін

39. Азур қоспасы, эозин және метилен көгі ... бояу әдісінде қолданылады.

@ Романовский-Гимзе

@ Здродовский

@ Циль-Нильсен

@ Грам

@ Ожешко

40. Таза дақылдың қысқа ала-кұла қатарда өсуі кезінде сахароза мен лактоза бар ортаны қоспағанда, барлық пробиркалардың ортасының түсінің өзгеруі байқалады. Осы ортадағы осындай өзгерістерді беретін бактерияларды көрсетіңіз.

@S.typhi

@S.paratyphi A

@S.enteritidis

@S.paratyphi C

@S.newport

41. Грам теріс бактериялар ... түске боялады.

@ қызыл

@ жасыл

@ көк

@ қоңыр

@ сары

42. Грам әдісімен боялған жағындыда микроскоп астында жүзім шоғыры түрінде орналасқан күлгін кокки табылды. Анықтаған микроорганизмдерді көрсетіңіз.

@ Стафилококктар

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 12 беті

@ Стрептококктар

@ Сарциналар

@ Спирохеталар

@ Саңырауқұлақтар

43. Грам әдісімен боялған жағындыда микроскоп астында тізбек түрінде орналасқан күлгін кокктар табылды. Анықтаған микроорганизмдерді көрсетіңіз.

@ Стрептококктар

@ Стафилококктар

@ Сарциналар

@ Спирохеталар

@ Саңырауқұлақтар

44. Романовский-Гимзе әдісімен боялған жағындыда көк-күлгін иірілген ірі біркелкі емес оралымдармен микроағзалар көрінеді. Анықтаған микроорганизмдерді көрсетіңіз.

@ Боррелиялар

@ Стафилококктар

@ Сарциналар

@ Лептоспиралар

@ Трепонемалар

45. Микроскопия кезінде хирургиялық құралдардың шайындысында спора түзетін және түзбейтін бактериялардың қоспасы анықталды. Спораларды анықтау үшін қолданылатын бояу әдісін көрсетіңіз.

@ Ожешка әдісі

@ Бурри-Гинсс әдісі

@ Лёффлер әдісі

@ Нейссера әдісі

@ Морозов әдісі

46. Қышқылға төзімді бактерияларды анықтау үшін қолданылатын бояу әдісін таңдаңыз.

@ Циль-Нильсен

@ Романовский-Гимзе

@ Грам

@ Здоровский

@ Бурри-Гинс

47. Романовский-Гимзе әдісімен боялған жұғындыда бірнеше ұсақ оралымдары бар, «S» латын әрпі тәрізді қызғылт түске боялған микроорганизмдер көрінеді. Анықталған микроорганизмдерді көрсетіңіз.

@ Лептоспиралар

@ Боррелдер

@ Стафилакокктар

@ Сарциналар

@ Трепонемалар

48. Бактериялардың спора түзуі және олардың қызметінің өсімдіктерден біршама айырмашылығы бар. Бактерия спорасының рөлін анықтаңыз.

@ сыртқы ортадан сақтауы

@ көбеюі

@ қозғалуы

@ қоректенуі

@ адам ағзасындағы қорғанысы

49. Вирионның өлшем бірлігін көрсетіңіз:

@ нм

@ мм

@ см

@ мкм

@ м

50. «Жаншылған» тамшы препаратын қараңғы өрісті микроскоптау әдісімен жағындыны микроскоптауда біркелкі орамдары бар жіп тәрізді микроорганизмдер анықталды. Анықталған микроорганизмдерді көрсетіңіз.

@ Трепонемалар

@ Лептоспиралар

@ Боррелдер

@ Стафилакокктар

@ Сарциналар

51. Микроорганизмді анықтаңыз:



@ саңырауқұлақтар

@ қарапайымдылар

@ бактерия

@ ашытқы саңырауқұлақтар

@ бактериофаг

52. «Жаншылған» және «ілінген» препараттарда айқын көрінетін микроорганизмдерді көрсетіңіз.

@ ашытқы саңырауқұлақтар

@ органоидтар

@ вирустар

@ хламидия

@ микоплазма

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 13 беті

53. Микроорганизмдерді анықтаңыз:



@карапайымдылар

@саңырауқұлақтар

@бактериялар

@ашытқы саңырауқұлақтар

@бактериофагтар

54. «Жаншылған» тамшы препаратында бір-бірімен қайта өріле бастаған бөлшектенген септикалық мицелидің жіпшелерінің тамшысы көрінеді, олардан біржасушалы желпуіш тәрізді кеңейтілген (конидиялармен) конидиеностар алшақтанған. Қалталы саңырауқұлақтың түрін тандаңыз.

@Penicillium

@Aspergillus

@Candida

@Mucor

@Cryptococcus

55. Бытыраңқы түрде көбейетін облигатты жасушаішілік паразиттер ... болып табылады.

@ вирустар

@ бактериялар

@ өсімдіктер

@ карапайымдылар

@ саңырауқұлақтар

56. Жасушалық құрылымы, өзіндік зат алмасуы болмайтын, құрамында нуклеин қышқылының бір түрін – ДНҚ немесе РНҚ камтиды, бинарлы бөліну арқылы көбеймейді және бейорганикалық заттар ретінде кристалдануы мүмкін. Бұл микроорганизмдерді көрсетіңіз.

@вирустар

@бактериялар

@өсімдіктер

@карапайымдылар

@саңырауқұлақтар

57. Вириондар карапайым және күрделі болып бөлінеді, карапайым вириондар ... камтамасыз етілген.

@тек капсидпен

@суперкапсидпен

@рибосомамен

@плазмидамен

@мезосомамен

58. Вириондар карапайым және күрделі болып бөлінеді, күрделі вириондарда капсидтің сыртынан қаптап тұратын қосымша сыртқы қабықша - ... болады, ол кожайн жасушасының модификацияланған мембранасы (цитоплазмалық, ядролық т.б.) ретінде болады. Құрамында вирустық ақуызы және гликопротеиндер болады.

@суперкапсид

@капсула

@спора

@хитин

@қабықша

59. Репродукциясы үшін кожайын жасушаның метаболиттік жүйесін ... қолданады.

@вирустар

@бактериялар

@саңырауқұлақтар

@карапайымдылар

@өсімдіктер

60. Микробиологиялық зертханада дақылдандыру үшін жасуша дақылын, тауық эмбриондарын және сезімтал зертханалық жануарларды қолданылады, осы әдістер риккетсиялар мен хламидияларды дақылдауда да қолданады. Дақылдау әдісін тандаңыз.

@Вирустарды дақылдау әдісі

@Бактерияларды дақылдау әдісі

@Саңырауқұлақтарды дақылдау әдісі

@Карапайымдыларды дақылдау әдісі

@Өсімдіктерді дақылдау әдісі

61. Вирустарды дақылдау үшін сіз адамдардың немесе жануарлардың соматикалық немесе эмбриональді жасушалары болып келетін дақылдарды қолданасыз, зертханалық жағдайда дақылданатын, алу көзі бойынша ерекшеленетін, in vitro көбеюге қабілетті және кариотипі бойынша алғашқы (қайта дамымайтын), жартылай қайта дамитын және қайта дамитын болып бөлінеді. Сіз қолданған дақылдарды көрсетіңіз.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы Бақылау өлшеуіш құралдары		50-11- 56 беттің 14 беті

@Жасуша дақылдары

@Өсімдік дақылдары

@Тауық эмбрионы

@Сезімтал зертханалық жануарлар

@Жасанды қоректік орталар

62. Жасушаішілік паразиттер өздерінің репродукциясы жүретін жасушаларға ... әсер береді, ол әсер залалданған жасушалардың деструкциясы (лизисі), олардың морфологиясының өзгеруі және функцияларының бұзылуы ретінде айқындалады.

@цитопатиялық (ЦПӨ)

@литикалық

@гидролитикалық

@интегративті

@регенеративті

63. Жасуша дақылдарымен салыстырғанда ... вирустармен және микоплазмалармен едәуір сирек контаминацияланады, сонымен қатар әртүрлі әсерлерге қарсы жоғары тұрақтылық пен өміршеңділік қасиеттеріне ие және адамға патогенді хламидияларды, риккетсияларды және қайсы-бір вирустарды дақылдауға да жарамды.

@тауық эмбриондары

@жасуша дақылдары

@өсімдік дақылдары

@сезімтал зертханалық жануарлар

@жасанды қоректік орталар

64. Диагностикалық мақсатта риккетсиялар мен хламидиялардың және бірқатар вирустардың таза дақылдарын алу үшін және де әртүрлі препараттарды (вакциналар, диагностикумдер) дайындау үшін ... қолданады. Бұл әдістің кемшілігіне эмбрионды жармайынша зерттелетін микроорганизмді табу мүмкін еместігі, және де акуыздар мен басқа да қосылыстар мөлшерінің көп болуы салдарынан әртүрлі препараттарды дайындау кезінде қоздырғышты тазалап алу қиындығы жатады.

@8—12-күндік тауық эмбриондарын

@жасуша дақылдарын

@өсімдік дақылдарын

@сезімтал зертханалық жануарларды

@жасанды қоректік орталарды

65. Облигатты жасушаішілік паразиттерді ... дақылдау жасуша дақылында немесе

эмбрионда нашар көбейетін вирустарды бөліп алуға мүмкіндік береді.

@сезімтал зертханалық жануарларда

@тауық эмбриондарында

@жасуша дақылдарында

@өсімдік дақылдарында

@жасанды қоректік орталарда

66. Прокариоттарда тұқымқуалаушылық ақпараттарды тасымалдайтын құрылымдық компонентті анықтаңыз.

@нуклеоид

@мезосома

@ядро

@ядрошық

@митохондрия

67. Субстратты микроорганизмдердің адгезиясына қатыстын бактериалды жасушаның құрылымдық элементін атаңыз.

@пили

@пептидогликан

@капсула

@О антиген

@талшықтар

68. Вирустарды индикациялау әдістерін қолдана отырып, сіз микроскопиялық түрде жасушалардағы морфологиялық өзгерістерді анықтадыңыз: жасушалардың бір бөлігі өліп, пробирка қабырғаларынан қабыршақтанды, нәтижесінде үздіксіз жасуша монокабатының орнына тек жеке жасуша аралдары қалды. Жасуша культурасындағы ЦПӨ осы үлгісін түсіндіріңіз.

@вирустардың көбеюі

@бактериялардың өлімі

@вирустардың өлімі

@бактериялардың көбеюі

@саңырауқұлақтардың көбеюі

69. Гемадсорбция реакциясын қою үшін, сіз вирустармен жұқтырылған жасуша дақылына эритроциттер суспензиясын қостыңыз және бірнеше уақыт байланыстан кейін жасушаны натрий хлоридтің изотоникалық ерітіндімен жуды. Нәтижені түсіндіріңіз.

@Жабысқан эритроциттер қалады

@ЦПӨ

@Жабысқан лейкоциттер қалады

@Жабысқан тромбоциттер қалады

@Натрий хлоридтің изотоникалық ерітіндісі

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 15 беті

70. Таза дақыл – бұл микроорганизмдердің ... жиынтығы.

- @ бір түрдегі
- @ әр түрлі
- @ бір түрлі туыстас
- @ әр түрлі туыстас
- @ грам теріс

71. Термостат ... үшін қолданылады.

- @ микроорганизмдерді өсіру
- @ спора түзуші бактерияларды
- @ зертханалық ыдыстарды залалсыздандыру
- @ хирургиялық құрал-жабдықтарды залалсыздандыру
- @ вакцинаны алу

72. Қысқа түрлі-түсті қатарда бактериялардың таза культурасының өсуі кезінде қалтқыларында сахароза мен газ көпіршіктері бар ортаны қоспағанда, барлық пробиркалардың ортасының түсінің өзгеруі байқалады. Осындай өзгерістерді беретін бактерияларды атаңыз.

- @Escherichia coli
- @Salmonella
- @Shigella
- @Campylobacter
- @Yersinia

73. Pseudomonas aeruginosa дақылын бөліп алу үшін зерттелетін материалды Петри табақшасына негізгі (ЕПА) немесе селективті коректік ортаға егеді (агар, цитилпиринді хлориды бар, сәйкес флора өспеуі үшін-ЦПХ агар). Егіндіні 37 °С бір тәулікте инкубациялайды. P.aeruginosa дөңгелек, жалпақ шырышты колониялар түзеді, пигменттік сипаттамасы ... боялады.

- @ көк-жасыл
- @ алтын түстес
- @ қызыл
- @ көк-күлгін
- @ көгілдір

74. Зертханада сезімтал зертханалық жануарларды жұқтырды. Сіз анықтап отырған микроорганизмнің қасиетін тандаңыз.

- @Вируленттілік
- @Иммуногенділік
- @Антигенділік
- @Морфологиясы
- @Физиологиясы

75. Таяқша пішінді қышқылға төзімді микроорганизмдерге ... жатады.

- @ микобактерия
- @ актиномицеттер
- @ хламидиялар
- @ спириллалар
- @ спирохеталар

76. Бактериолог зерттелетін материалдан жағынды дайындап, оны Грамм әдісімен бояп, микроскоптап, бактериялардың морфологиясын және концентрациясын бағалап, Петри табақшасындағы ЕПА-ға сеуіп, бактериологиялық құрғымен алып, шпательмен ретімен жаяды. Аэробты таза дақылды бөліп алудың кезеңдерін көрсетіңіз.

- @ Таза дақылды бөліп алудың I кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың II кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың III кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың IV кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың V кезеңі

77. Бактериолог Петри табақшасындағы ЕПА-ға егілген зерттелетін материалдың нәтижесін анықтады, табақшада қанша типті колониялар бар. Бір және бірнеше колониялардан жұғынды жасап, оны Грамм әдісімен бояды және оқшауланған таза дақылды қиғаш агарға септі. Аэробты таза дақылды бөліп алудың кезеңдерін көрсетіңіз.

- @ Таза дақылды бөліп алудың II кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың I кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың III кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың IV кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың V кезеңі

78. <question>Бактериолог қиғаш агарда өскен колонияларды зерттеп және әрі қарай бактериялардың идентификациясын жүргізді. Аэробты таза дақылды бөліп алудың кезеңдерін көрсетіңіз.

- @ Таза дақылды бөліп алудың III кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың I кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың II кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың IV кезеңі
- @ Таза дақылды бөліп алудың V кезеңі

79. Универсалды ортаға ... жатады.

- @ ет пептонды сорпа
- @ Леффлер
- @ Эндо
- @ жұмыртканың сарыуызды тұзды агары
- @ Левин

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы Бақылау өлшеуіш құралдары		50-11- 56 беттің 16 беті

80. Қоректік орталарды ... байланысты негізгі, элективті, дифференциальды-диагностикалы деп бөледі.

- @ тағайындалуына
- @ консистенциясына
- @ құрамына
- @ санына
- @ күрделілігіне

81. Құрамына қоректік агар, белгілі бір көмірсулар, түрлі-түсті индикатор кіретін...қоректік орта.

- @ дифференциальды-диагностикалы
- @ негізгі
- @ арнайы
- @ байытылған
- @ элективті

82. Қанды агарды дайындау үшін ... қажет.

- @ қан
- @ қан сарысуы
- @ глюкоза
- @ пептон
- @ қан плазмасы

83. Бактериялардың біртекті популяциясын алу үшін бактериолог-дәрігер өсірілген микроорганизмнің қасиеттерін одан әрі зерттеу мақсатында тығыз қоректік ортада оқшауланған колонияның бір бөлігін алды. Бұл процесті спецификалық микробиологиялық терминмен түсіндіріңіз.

- @Таза дақылды бөліп алу
- @Идентификациялау
- @Антибиотиктерге сезімталдықты анықтау
- @Серологиялық реакция
- @Биосынама

84. 20 жастағы әйел гинекологқа вульвада және қынапта қышу мен күйдірме ауырсынуға шағымданып қаралған. Ақ түсті бөлінділер байқалады. Декстроза қосылған Сабуро агарында өсіргенде сәйкес колониялар өскен. Науқас жақын арада мұрын қуыстарындағы инфекцияны емдеу үшін антибиотиктер курсы аяқтағанын айтады. Қоздырғыштың болу мүмкіндігін атаңыз.

- @Candida
- @Penicillium
- @Aspergillus
- @Mucor
- @Cryptococcus

85. Сұйық қоректік ортаға ... жатады.

- @ ет пептонды сорпа
- @ ет пептонды агар
- @ Эндо ортасы
- @ қанды агар
- @ сары-уызды тұзды агар

86. Бактериялардың дақылдық қасиеттерін ... анықтайды.

- @ қоректік ортада өсу сипатымен
- @ боялу қабілетімен
- @ биохимиялық белсенділігімен
- @ антигендік құрамымен
- @ Бактерия жасушасаның формасы

87. Лактоза дифференцирлеуші субстрат ретінде ... ортаның құрамына кіреді.

- @ Эндо
- @ сары-уызды тұзды агар
- @ ет пептонды агар
- @ Леффлер
- @ Сабуро

88. Антибиотиктердің бактерияларға айқын таңдамалы әсері ... деп аталады .

- @ антимикробты спектр
- @ бактерицидтік әсері
- @ статикалық әсері
- @ микробтық саны
- @ коли-индекс

89. Таза дақылды бөліп алудың екінші сатысы ... барысында жүргізіледі.

- @ оқшауланған колонияларды анықтау
- @ фагтарға сезімталдығын анықтау
- @ антигендік қасиетін анықтау
- @ антибиотиктерге сезімталдығын анықтау
- @ зертханалық жануарларды залалдану

90. Тығыз қоректік орта беткейіне аэробтарды, бактериялық ілмекпен біркелкі етіп бөліп орналастыру ... әдіс болып табылады.

- @ механикалық
- @ физикалық
- @ химиялық
- @ биологиялық
- @ биохимиялық

91. Бактерияның жойылуы ... болады.

- @ бактерицидтік әсерінен
- @ бактериостатикалық әсерінен
- @ микробтық санынан
- @ химиотерапиялық индекстен
- @ антимикробты спектрден

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 17 беті

92. Гисс коректік ортасына бактерия дақылын себу кезінде бір тәулік инкубациядан кейін глюкозасы бар пробиркаларда, газ қалтқысында ортаның түсі өзгерді. Бұл өзгерістерді негіздеңіз.

@Көмірсулардың қышқыл және газ тәрізді өнімдерге ыдырауы

@Глюкоза мен газдың түзілуі

@Көмірсулардың тек қышқылға дейін ыдырауы

@Мальтозаның газ түзілуімен бөлінуі

@Мальтоза мен газдың түзілуі

93. Бактериялардың сахаролитикалық белсенділігін анықтауда дифференциалды диагностикалық ... коректік ортасы қолданылады.

@ Гисс

@ Мюллер

@ ЖСА

@ Леффлер

@ Эндо

94. "Түрлі-түсті" қатарға дақыл себу кезінде 24 сағаттан кейін пептон суы бар пробиркада ортаның бұлыңғырлануы байқалады – индикаторлық қағаздардың біреуі қызғылт түсті, екіншісі қара түсті. Берілген дақылдың протеолитикалық қасиеттерін түсіндіріңіз.

@ Аммиак пен күкіртсутекке оң реакция

@ Индолға оң реакция

@ Аммиак пен индолға оң реакция

@ Индол мен күкіртсутекке оң реакция

@ Аммиак пен каталазға оң реакция

95. Бактериялық дақылы бар шыны түтікшеге 2-3 мл эфир қосамыз да оны жақсылап араластырып, үстінен бірнеше тамшы Эрлих реактивін (хлорлысутекті қышқылы бар парадиметиламидобензилальдегидтің спиртті ерітіндісін) тамызамыз. Ортаның қызғылт боялуы байқалады, абайлап қабаттайтын болса қызғылт сақиналар түзіледі. Берілген дақылдың протеолитикалық қасиеттерін түсіндіріңіз.

@ Индолға оң реакция

@ Аммиак пен күкіртсутекке оң реакция

@ Аммиак пен индолға оң реакция

@ Индол мен күкіртсутекке оң реакция

@ Аммиак пен каталазға оң реакция

96. Генетикалық материалдың донордан, реципиент жасушасына тікелей берілуі ... деп аталады.

@ трансформация

@ трансдукция

@ конъюгация

@ диссоциация

@ репарация

97. Плазмидалар...

@ жеке генетикалық ақпараттық жиынтыққа ие

@ ақуыздық сыртқы қабаттарына ие

@ барлық тірі жасушаларда паразиттік тіршілік етеді

@ трансдукция процесіне қатысады

@ жасушаның ішінде де, жасушадан тыс жерде де көбейеді

98. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы, гендегі өзгерістермен байланысты ... кезінде пайда болады.

@ мутация

@ модификация

@ трансформация

@ конъюгация

@ рекомбинация

99. Плазмидалар тек ... кездеседі.

@ бактерияларда

@ жануарларда

@ саңырауқұлақтарда

@ қарапайымдыларда

@ өсімдіктерде

100. Бактериялардың хромосомадан тыс тұқымқуалаушылық факторлары ... болып табылады.

@ ДНҚ

@ РНҚ

@ полипептидтер

@ ферменттер

@ ақуыздар

101. Зертханаға суда ішек таяқшасының фекальды болуы мүмкін екендігін анықтау үшін су алынды. Ішек таяқшасы тобындағы бактериялардың фагтарының болуын анықтау қажет. Зерттеу әдісін атаңыз.

@ Грейстің агар қабатының әдісі

@ Индикатор дискінің әдісі

@ Appelman титрлеуі

@ Кезекті сұйылту әдісі

@ Градиенттік диффузия әдісі

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11-
Бақылау өлшеуіш құралдары		56 беттің 18 беті

102. R-плазмида ... синтезін бақылайды.

- @ ферменттердің
- @ жыныстық кірпікшелердің
- @ бактериялық токсиндердің
- @ ақуыздардың
- @ нуклеин қышқылдарының

103. Col- плазмидалар ... синтезделуін бақылайды.

- @ бактериоциогенді плазмидалар
- @ F плазмидалар
- @ R плазмидалар
- @ патогенді плазмидалар
- @ биodeградациялық плазмидалар

104. Бактериоциогенді плазмидалар бактериялардың ... жойылуын шақырады.

- @ сол немесе жақын түрлерінің
- @ әр түрлі туыстықтың
- @ әр түрлі туысының
- @ жақын туыстықтың
- @ жақын туысының немесе туыстығының

105. Бактериялардың тығыз қоректік ортада R-S- колония түзу процесі ... болып табылады.

- @ диссоциация
- @ рекомбинация
- @ репарация
- @ трансдукция
- @ трансформация

106. Генетикалық материалдың донор жасушасынан реципиент жасушасына жанастыру арқылы берілуі:

- @ конъюгация
- @ трансдукция
- @ трансформация
- @ диссоциация
- @ репарация

107. Бактериялардың дәрілерге тұрақтылығына жауапты ...

- @ R плазмидалар
- @ Ent плазмидалар
- @ F плазмидалар
- @ Col плазмидалар
- @ Hly плазмидалар

108. Темір сульфаты сіңген фильтрлік қағаздың жіңішке парақшасын пептон суы бар шыны түтікшенің тығынына қыстырып, қағаз қоректік ортаға тимейтіндей орналастырады. 24 сағатан кейін қоректік ортаның лайланғаны байқалады –

индикаторлық қағаз қарайды. Берілген дақылдың протеолитикалық қасиеттерін түсіндіріңіз.

- @ Күкіртсутекке оң реакция
- @ Индолға оң реакция
- @ Аммиак пен күкіртсутекке реакция
- @ Аммиак пен индолға оң реакция
- @ Аммиак пен каталазаға оң реакция

109. Генетикалық материалдың бір бактериядан басқа бактерияларға фаг арқылы берілуі ... деп аталады.

- @ трансдукция
- @ трансформация
- @ конъюгация
- @ репарация
- @ диссоциация

110. Модификация бұл - ...

- @ ағзаның бір немесе бірнеше белгісіне қарай фенотиптік өзгерісі
- @ жеке гендердің құрылымының өзгерісі
- @ хромосома құрылымының өзгерісі
- @ ДНҚ бірінші реттік құрылымының өзгерісі
- @ жасушалық рекомбинациясы

111. Энтеротоксиндер синтезіне плазмидалар жауапты:

- @ Ent-плазмидалар
- @ R-плазмидалар
- @ Col-плазмидалар
- @ Hly-плазмидалар
- @ F-плазмидалар

112. Колициндер синтезіне плазмидалар жауапты:

- @ Col-плазмидалар
- @ Ent-плазмидалар
- @ F-плазмидалар
- @ R-плазмидалар
- @ Hly-плазмидалар

113. Ішек таяқшаларында гемолизін синтезіне плазмидалар жауапты:

- @ Hly-плазмидалар
- @ Ent-плазмидалар
- @ F-плазмидалар
- @ Col-плазмидалар
- @ R-плазмидалар

114. Тұқымқуалушылықтың жойылуы немесе бір белгісінің өзгеруімен айқындалатын, ДНҚ-ның бірінші реттік құрылымының өзгерісі:

- @ мутация

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 19 беті

@ репарация

@ диссоциация

@ модификация

@ рекомбинация

115. Заттық шынысына 1-3 % сутегі тотығының ерітіндісін тамызамыз да бактериялық дақылы бар ілмекті ендіреді. Газ көпіршіктерінің бөлінуін түсіндіріңіз.

@Берілген түрдегі бактерияда каталазаның болуы

@ Берілген түрдегі бактерияда индолдың болуы

@Берілген түрдегі бактерияда аммиактың болуы

@Берілген түрдегі бактерияда күкіртсутектің болуы

@Берілген түрдегі бактерияда индол мен аммиактың болуы

116. Трансформация ... көмегімен іске асады.

@ донор дақылының ДНК

@ әлсіз фаг

@ фертильдік фактор

@ плазмидалар

@ донор дақылының РНК

117. Инверсия - бұл ...

@ хромосома бөлігінің 180 С бұрылуы

@ нуклеотидтердің түсіп қалуы

@ хромосома бөлігінің қайталануы

@ хромосома бөлігінің басқа жерге ауысуы

@ негіздердің бір жұбын ұстап қалатын хромосоманың өзгерісі

118. Микроб жасуша қабырғасының компоненттерінің синтезін ... тежейді.

@ пенициллиндер

@ хинолиндер

@ макролидтер

@ тетрациклиндер

@ аминогликозидтер

119. Антибиотиктердің ... әсерінен бактериялардың өсуі мен көбеюінің толық немесе жеке тежелуі жүреді.

@ бактериостатикалық

@ антимикробты спектр

@ бактериоцидтік

@ антитоксикалық

@ химиотерапевтік индекс

120.Актиномицеттерден өндіріледі:

@ левомицитин

@ пеницилин

@ цефалоспорин

@ нистатин

@ грамицидин

121.Науқаста жоспарлы операциядан кейін операциядан кейінгі жараның бөліндісінен микроскопиялық әдіспен грамтеріс таяқша анықталды, ЕПА-да жылжымалы өсу байқалды, культурадан шірік иіс шығады. Қоздырғышты көрсетіңіз.

@P. vulgaris

@Cl. perfringens

@V. cholerae

@S. aureus

@Str. pyogenes

122.Қайнату бұл ...

@ стерилизацияның физикалық әдісі

@ дезинфекцияның химиялық әдісі

@ стерилизацияның механикалық әдісі

@ антисептика

@ дезинфекцияның физикалық әдісі

123. Антибиотиктің ... бактериялардың өлуіне алып келуін атайды.

@ бактериоцидтік әсерін

@ бактериостатикалық әсерін

@ микробтық санын

@ химиотерапиялық индексін

@ антимикробтық спектрін

124. Вирустарға қарсы препаратқа ... жатады.

@ ремантадин

@ фурагин

@ тетрациклин

@ леворин

@ пенициллин

125. Микозға зерттеу материалыда нативті препаратты дайындау үшін оны ... өңдейді.

@сілтімен

@ қышқылмен

@ спиртпен

@ тұзбен

@ мұнай өнімдерімен

126. Бактериялардың споралы және вегетативті түрлерін ... көмегімен жоюға болады.

@ стерилизацияның

@ кептірудің

@ тоңазытудың

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы		50-11- 56 беттің 20 беті

@ тиндолизациялаудың
@ лиофилизациялаудың
127. Макроорганизмде ... бактериялардың, вирустардың, қарапайымдылардың өсуі мен көбеюін таңдамалы түрде тежеуге ие.

- @ химиотерапевтік препараттар
- @ медико-биологиялық препараттар
- @ дезинфектанттар
- @ антисептиктер
- @ асептиктер

128. Химиотерапевтік индекс- минимальді терапиялық дозаның максимальді дозаға қатынасы, ол ... болу керек.

- @ 1-ден төмен
- @ 3-тен жоғары
- @ 1-ден жоғары
- @ 1-ге тең
- @ 2-ден жоғары

129. Сульфаниламидті препараттар ... әсерге ие.

- @ бактериостатикалық
- @ фагоцитерлеуші
- @ бактериоцидті
- @ вирогенді
- @ лизисті

130. Терінің және шырышты қабатының залалданған немесе жанасқан бөлігіндегі микроорганизмдерді жою үшін қолданылатын ... емдік алдын-алу шаралар жиынтығы деп аталады.

- @ антисептика
- @ асептик
- @ дезинфекция
- @ дезинсекция
- @ стерилизация

131. Пастеризация бұл - ...

- @ стерилизацияның физикалық әдісі
- @ стерилизацияның химиялық әдісі
- @ дезинфекцияның химиялық әдісі
- @ стерилизацияның механикалық әдісі
- @ антисептика

132. Қоршаған ортаның объектілерін залалсыздандыру ... көмегімен жүргізіледі.

- @ дезинфекция
- @ дезинсекция
- @ асептика
- @ антисептика
- @ стерилдеу

133.22-28 градуста ұзақ уақыт (3-4 апта) дақылданатын микроорганизмдер болып табылады:

- @ саңырауқұлақтар
- @ бактериялар
- @ хламидиялар
- @ қарапайымдар
- @ вирустар

134. Саңырауқұлақтарға қарсы препаратқа ... жатады.

- @ нистатин
- @ азидотимидин
- @ ремантадин
- @ интерферон
- @ тетрациклин

135. Химиотерапевтік индекс, антимикробты спектр, статикалық, бактериоцидтік әсері, микроорганизмдердің тұрақтылығының түзілуі тек ... тән.

- @ химиотерапевтік препараттарға
- @ дезинфектанттарға
- @ антисептиктерге
- @ алдын алу препараттарына
- @ медико-биологиялық препараттарға

136. 1932 жылы Г.Домагк стрептоцидті синтездеді және ... негізін салушы болып табылады.

- @ сульфаниламидтің
- @ антибиотиктің
- @ нитрофуранның
- @ оксихинолиннің
- @ нафтиридиннің

137. Ультракүлгін сәулесінің қасиетін ... стерилизациялау әдісінде қолданылады.

- @ физикалық
- @ химиялық
- @ механикалық
- @ биологиялық
- @ серологиялық

138. Антибактериялық препараттар норсульфазол, сульфазин, сульфадимезин, сульфапиридазин ... тобының туындыларына жатады.

- @ сульфаниламидті
- @ нитрофуранды
- @ оксихинолинді
- @ нафтиридинді
- @ тиосемикарбозонды

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Микробиология, вирусология және иммунология кафедрасы	50-11- 56 беттің 21 беті

139. «Жаншылған» тамшы препаратында мицелий жіптері көрінеді, олардан конидиялар "щетка" түрінде кетеді. Саңырауқұлақтардың түрін таңдаңыз.

@ Penicillium

@ Aspergillus

@ Candida

@ Mucor

@ Cryptococcus

140. Микроорганизмдердің жоғары активті метаболиті болып келетін, бактериялардың өсуін тежейтін және кейбір ісіктерді таңдамалы түрде тежейтін химиялық заттарға... жатады.

@ ингибиторлар

@ адгезиндер

@ антиметаболиттер

@ дезинфектанттар

@ асептиктер

141. Пенициллиндер, цефалоспорины топтарындағы антибиотиктердің ингибирулеуші әсерінің «нысанасын» ... атқарады.

@ жасушалық қабырға

@ цитоплазматикалық мембрана

@ капсула

@ рибосома

@ нуклеоид

142. Бактерияларға антибиотиктердің ерекше таңдамалы әсері:

@ антимикробты спектр

@ циттік

@ статикалық

@ микробтық саны

@ коли-индекс

143. Ісікке қарсы препарат:

@ оливомицин

@ леворин

@ ремантадин

@ азидотимидин

@ ацикловир

144. Қоршаған ортаны антимикробты химиялық заттармен залалсыздандыру ... әдісіне негізделген.

@ дезинфекциялар

@ стерилизациялар

@ дезинсекциялар

@ асептикалар

@ антисептикалар

145. Шыны ыдыстарды ... стерильдейді.

@ құрғақ ыстықпен

@ пастерлеу әдісімен

@ тиндализация әдісімен

@ бумен

@ Кох аппаратында

146. Тар спектрлі әсер ететін антибиотиктер:

@ пенициллиндер, полиендер

@ рифампицин, жартылай синтетикалық пенициллиндер

@ макролидтер, цефалоспорины

@ аминогликозидтер, тетрациклиндер, левомицетиндер

@ тетрациклиндер, левомицетин, рефампицин

147. Микроорганизмнің антибиотиктерге резистенттілігінің алғашқы механизмі ... негізделген.

@ «нысананың» болмауына

@ гендегі мутацияға

@ гендердің орын ауысуына

@ R-плазмидтердің орын ауысуына

@ «нысананың» өзгеруіне

148. Дәріге тұрақты бактериялар популяциясының түзілуі ... жолымен жүреді.

@ селекция

@ мутация

@ рекомбинация

@ модификация

@ делеция

149. Бөліп-бөліп стерилдеу әдісі:

